



МӘСЛИХАТТА

Елнұр Букаев - жергілікті полиция басшысы



А.ЗАЙЫРГЕЛДІ

Дүйсенбі, 18 қаңтарда, қалалық мәслихаттың кезектен тыс XLVI сессиясы өтіп, депутаттар облыс әкімі Екібастұз қаласы бойынша жергілікті полиция қызметі бастығы лауазымына ұсынған кандидатураны мақұлдады. Ол – тәжірибелі құқық қорғаушы, полиция подполковнигі Елнұр Жұмабайұлы Букаев. 1976 жылы туған, Қарағанды заң институтының түлегі, ішкі істер органында 1997 жылдан бері қызмет істейді. Қазіргі таңда Екібастұз қаласы ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары.

Мәслихат хатшысы Болат Құспеков Елнұр Жұмабайұлына жемісті еңбек тіледі. Өз кезегінде Е.Букаев халық қалаулыларының сенімін ақтауға тырысамын деп уәде етті.

Заңға сәйкес, жергілікті полиция құрылымына учаскелік инспекторлар, жол полициясы қызметкерлері, өңірлік және табиғатты қорғау, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелері біріктіріледі. Ал жергілікті полиция қызметінің басшысы әкімдік пен мәслихат алдында және жылына бір рет халық алдында есеп беретін болады. Мұндай есептілік полиция қызметінің ашықтығын қамтамасыз етпек.

